

"Бағалы қағаздары Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңының тізіміне енгізу болжамдалған немесе енгізілген эмитенттерге, сонымен қатар осындай бағалы қағаздарға қойылатын талаптар туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу Агенттігі төрағасының 2006 жылғы 8 қыркүйектегі N 5 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 7 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4408 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының 2008 жылғы 8 мамырдағы N 04.2-09/119 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының 2008.05.08 N 04.2-09/119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы" Заңы 6 бабының 5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Осы бұйрықтың мақсаттары үшін келесі ұғымдарды қолдану белгіленсін:

1) делистинг - бағалы қағаздарды Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының (әрі қарай - қаржы орталығы) арнайы сауда алаңының сауда-саттықтарын ұйымдастырушының ресми тізімінен уақытша немесе әрдайым шығаруы;

2) рұқсат ететін бастаушы - бағалы қағаздарды қаржы орталығының арнайы сауда алаңында айналымда енгізуге рұқсат етушінің бастамашылығы бойынша ұйымдастыру;

3) листинг бастаушы - бағалы қағаздарды қаржы орталығының арнайы сауда алаңында ресми тізімделудің бастамашылығы бойынша ұйымдастыру;

4) листинг - бағалы қағаздарды қаржы орталығының арнайы сауда алаңының сауда-саттықтарын ұйымдастырушының ресми тізіміне енгізу және онда болуы;

5) қаржы орталығының арнайы сауда алаңының листинг комиссиясы - сараптау кеңесі үшін қорытынды дайындау (бағалы қағаздар және оның эмитенттері туралы ақпараттарды талдау, сондай-ақ, бағалы қағаздар мен олардың эмитенттерін листинг талаптарына сәйкестігін тексеру нәтижелері негізінде) негізгі мақсаты болып табылатын, құрамына сауда-саттықты ұйымдастырушының және Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің (әрі қарай - Агенттік) өкілдері кіретін, қаржы

орталығының арнайы сауда алаңының сауда-саттықтарын ұйымдастырушының құрылымнан тыс бөлімшесі;

6) қаржы орталығының арнайы сауда алаңының листинг талаптары - осы бағалы қағаздарды қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізіміне енгізу үшін сақтауға қажетті, бағалы қағаздарға және олардың эмитенттеріне қойылатын талап;

7) маркет-мейкер - қаржы орталығының арнайы сауда алаңы сауда-саттықты ұйымдастырушысының ережелеріне сәйкес бағалы қағаздарды әрдайым жариялау және бағаны белгілеуді қолдау бойынша өзіне міндеттемелерді алған қаржы орталығының қатысушысы;

8) қаржы Орталығының листинг емес компаниялары - бағалы қағаздары қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізіміне енгізілмеген, бірақ осы бұйрыққа сәйкес "Қаржы орталығының листинг емес бағалы қағаздары" секторына айналымға енгізілген эмитенттер;

9) қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімі - листинг талаптарына сәйкес келетін бағалы қағаздар мен тиісті бағалы қағаздардың эмитенттерін есепке алу және онда болу үшін арналған қаржы орталығының арнайы сауда алаңының тізімі;

10) сараптау кеңесі - Агенттіктің, қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның және листинг комиссиясының листинг пен делистинг туралы шешімінің қорытындысы негізінде қабылданатын сауда-саттықтарды ұйымдастырушының өкілдерінен тұратын алқалы орган.

2. Қаржы орталығының листинг емес компанияларының бағалы қағаздарының сауда-саттығын ұйымдастыру мақсатында қор биржасының сауда жүйесінде жеке "Қаржы орталығының листинг емес бағалы қағаздар" секторы ашылады.

3. Бағалы қағаздарды қор биржасының сауда жүйесінің "Қаржы орталығының листинг емес бағалы қағаздар" секторына айналымға шығару бағалы қағаздарды шығаруға бастамашылық етуші берген өтініші және бағалы қағаздардың тіркелгендігін растайтын құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

4. Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімі бір санаттан тұрады.

5. Қаржы орталығының арнайы сауда алаңында листингі үшін үш шарттың біреуін қадағалау тиіс.

6. Бірінші шарт бойынша листинг үшін қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізіміне енгізілетін эмитенттердің бағалы қағаздары және ондағылар келесі талаптарға сәйкес болуға тиіс:

1) Агенттікпен танылатын, қор биржаларының тізбесіне кіретін, қор биржаларының бірінде листингтің болуы;

2) эмитенттермен ақпараттарды ашу тиісті қор биржаларының ресми сайттарында және сауда-саттық ұйымдастырушысы мен листинг бастаушысы немесе эмитент арасында ақпарат ашу туралы келісім-шарт жасау арқылы жүзеге асырылады;

3) өз міндеттемелері бойынша эмитент дефолт фактілерінің болмауы;

4) қаржы орталығының арнайы сауда алаңында маркет-мейкердің бар болуы.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің 2007.09.02.

№ 05-02/205 Бұйрығымен.

7. Екінші шарт бойынша листинг үшін қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізіміне енгізілетін эмитенттердің бағалы қағаздары және ондағылар келесі талаптарға сәйкес болуға тиіс:

1) бағалы қағаздарда және олардың эмитенттерінде Агенттікпен белгіленген деңгейден төмен емес, рейтинг бағалары Агенттікпен танылатын, рейтинг агенттіктерінің тізбесіне кіретін бір немесе одан да көп рейтинг агенттігімен берілген рейтинг бағаларының бар болуы;

2) сауда-саттықты ұйымдастырушының листинг бастаушысымен немесе эмитентпен ақпаратты ашу туралы шарт жасау;

3) өз міндеттемелері бойынша эмитент дефолт фактілерінің болмауы;

4) эмитенттің бағалы қағаздарын шығаруға тіркеген елдің заңнамасына сәйкес жасалған инвестициялық меморандумның бар болуы;

5) қаржы орталығының арнайы сауда алаңында маркет-мейкердің бар болуы.

8. Үшінші шарт бойынша листинг үшін қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізіміне енгізілетін эмитенттердің бағалы қағаздары және ондағылар келесі листинг талаптарына сәйкес болуға тиіс:

1) эмитент резиденті болып табылатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес эмитентті мемлекеттік тіркеу қайта құру нәтижесінде эмитент құрылған, қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізіміне (ұйымның (ұйыммен) бар болу мерзімі есепке алынуы мүмкін) оның бағалы қағаздарын енгізу туралы өтініш берілгенге дейін кем дегенде бір жыл бұрын жүзеге асырылған;

2) эмитенттің қаржы есебі қаржы есебінің халықаралық стандарттарына (IFRS) немесе Америка Құрама Штаттарында (әрі қарай - АҚШ) қолданыстағы қаржы есебінің стандарттарына (GAAP) сәйкес жасалады;

3) эмитенттің жылдық қаржы есебінің аудиті халықаралық аудит стандарттарына сәйкес Агенттікпен бекітілген, қаржы құралдарын қаржы орталығының арнайы сауда алаңына енгізу үшін аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарына сай аудиторлық ұйыммен жүргізіледі;

4) соңғы анықталған қаржы жылында эмитенттің тексерілген қаржы есебіне сәйкес немесе соңғы аяқталған тоқсанда активтерінің көлемі кем дегенде 1,0 миллион АҚШ долларындағы баламасын құрайды;

5) эмитенттің меншікті капиталы оның жарғылық капиталынан кем болмауға тиіс және соңғы аяқталған қаржы жылында оның соңғы тексерілген қаржы есебіне сәйкес және соңғы аяқталған тоқсанда кем дегенде 0,2 миллион АҚШ долларындағы баламасын құрайды;

6) сауда-саттықты ұйымдастырушысының листинг бастаушысымен немесе эмитентпен ақпаратты ашу туралы шарт жасау;

7) өз міндеттемелері бойынша эмитент дефолта фактілерінің болмауы;

8) эмитенттің бағалы қағаздарын шығаруға тіркеген елдің заңнамасына сәйкес жасалған инвестициялық меморандумның бар болуы;

9) қаржы орталығының арнайы сауда алаңында маркет-мейкердің бар болуы.

9. Осы эмитенттің жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) болып танылатын, ұйымының кепілдігінің астында арнайы белгіленген кәсіпорын-ұйымдармен шығарылған бағалы қағаздардың листингісі бойынша листингілік талаптар эмитенттің өзіне емес, осындай кепілдерге қолданылады.

10. "Қаржы орталығының листинг емес бағалы қағаздар" секторына листинг және делистингтерді енгізу туралы шешім листинг комиссиясының қорытындысы негізінде сауда-саттықты ұйымдастырушымен құрылған, сараптау кеңесімен қабылданады.

Бірінші және екінші шарт бойынша листинг немесе листингтен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі 10 (он) жұмыс күнінен, ал үшінші шарт бойынша - 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Делистинг үшін шешім қабылдау мерзімі - 10 (он) жұмыс күн, "Қаржы орталығының листинг емес бағалы қағаздары" секторына кіру рұқсаты үшін - 5 (бес) жұмыс күні.

11. Қаржы орталығының арнайы сауда алаңында айналымға енетін бағалы қағаздардың делистинг туралы шешімі сараптау-кеңесімен келесі жағдайларда қаралуы мүмкін:

1) бағалы қағаздары қаржы орталығының арнайы сауда алаңының листингіне енгізілген эмитенттің қызметін тоқтату;

2) рұқсатнамаға листингінің қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінен бағалы қағаздарды өз еркімен алып тастауы;

3) бағалы қағаздар мен олардың эмитенттерінің листингіге тіркелген шарттары бойынша талаптарға (осы талаптардың 6, 7 немесе 8 тармақтарымен) сәйкес келмеуі;

4) эмитенттің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын бұзуы немесе сараптау кеңесінде эмитент резиденті болып

табылатын елдің заңнамасы бұзылғандығын растайтын шүбәсіз және құзыретті мәліметтердің бар болуы;

5) эмитенттің қаржы көрсеткіштерінің осы талаптардың 8 тармағының 4 және 5 тармақшаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

6) листинг бастаушысының сараптау кеңесіне күмәнді, дәл емес немесе жарым-жартылай мәлімет беру фактілерінің анықталуы.

12. "Қаржы орталығының листинг емес бағалы қағаздар" секторынан бағалы қағаздарды алып тастау туралы шешімі сараптау кеңесімен, күнтізбелік тоқсан ішінде онымен мәмілелер жасаспаған жағдайда қабылдануы мүмкін.

13. Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының айналымына Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарынан басқа Агенттікпен белгіленген, қаржы орталығының арнайы сауда алаңына кіру үшін бағалы қағаздар мен олардың эмитенттерінің рейтинг бағаларына қойылатын талаптарға сәйкес егеменді ұзақ мерзімді несиелік рейтинг бағасы бар мемлекеттермен шығарылған мемлекеттерге рұқсат етіледі.

14. Тізімі Агенттіктің келісімі бойынша сауда-саттық ұйымдастырушымен белгіленетін, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары қаржы орталығының арнайы сауда алаңында айналымға жіберіледі.

15. Осы бұйрық ресми түрде жариялау күнінен бастап күшіне енеді.

16. Агенттігінің Тіркеу департаментіне:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуіне шаралар қолданылсын;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, Алматы қаласының әділет және статистика органдарының, Қазақстан Республикасының Қаржы рыногы және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігінің, "Қазақстандық қор биржасы" акционерлік қоғамына және "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің назарына жеткізілсін.

17. Агенттігінің Даму департаментіне осы бұйрықты Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауы қамтамасыз етілсін.

18. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттіктің бағыттаушы төрағасының орынбасарына жүктелсін.

*Қазақстан Республикасы Алматы
қаласының өңірлік қаржы
орталығының қызметін реттеу*

Агенттігі Төрағасы

К Е Л І С І Л Д І :
Қазақстан Республикасының
Қаржы рыногы және қаржы
ұйымдарын реттеу және қадағалау
жөніндегі агенттігінің Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК